

## **Сырдария ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтерін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 40 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 сәуірде № 8317 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 қазандағы № 165 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 20.10.2022 № 165 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексінің 19-1-бабының 2) тармақшасына, 20-1-бабының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, 7-бабының 5-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырдария ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Сырдария ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтерін бекіту туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 259 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6599 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 09 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сырдария аудандық мәслихаты  
сессиясының төрағасы*

*Сырдария аудандық  
мәслихат хатшысы*

*А. Ибрагимұлы*

*Е. Әжікенов*

Сырдария аудандық мәслихатының  
2021 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 40 шешіміне қосымша

№	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы, теңгемен(ҚҚС бірге)
1.	Тұрғын үйлерден қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету	айына 1 адамға 1 текше метр (м3)	58,21
2.	Шаруашылық субъектілері үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету	1 текше метр (м3)	715

Ескертпе: ҚҚС – қосымша құн салығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК